АБАИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ **2023 жылғы 31 мамырдағы ҚАУЛЫСЫ**

1. Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш.Н.Нурлановтың 2022/2023 оқу жылындағы университеттің тәрбие және әлеуметтік істері қызметінің нәтижелері туралы есебін тыңдай және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш.Н.Нурлановтың 2022/2023 оқу жылындағы университеттің тәрбие және әлеуметтік істері қызметінің нәтижелері туралы есебі мақұлдансын және бекітілсін.

2. Сорбонна–Қазақстан институтының директоры А.А.Сабитованың есебін тыңдай және талқылай келе, Комитет комиссиясының отырысының шешімін ескере, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

2.1 Сорбонна–Қазақстан институтының 2022-2025ж.ж. арналған Даму стратегиясының 2022 жылы орындалу барысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2.2. Абай атындағы ҚазҰПУ Сорбонна-Қазақстан Институтында FLE (Français langue étrangère; фр. «Француз тілі шет тілі ретінде») жаңа педагогикалық білім беру бағдарламасын ашуға қолдау көрсетілсін.
2.3. Мемлекеттік грант және ақылы негізде білім алатын Абай атындағы ҚазҰПУ қос дипломды білім беру бағдарламаларының студенттері мен магистранттары үшін академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша нысаналы гранттар бөлу туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігіне сұрау хаты жіберілсін.

3. Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры Т.Б.Искаковтың есебін тыңдай және талқылай келе, Комитет комиссиясының отырысының шешімін ескере, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

3.1. Өнер, мәдениет және спорт институтының 2022-2025ж.ж. арналған Даму стратегиясының 2022 жылы орындалу барысы қанағаттанарлық деп танылсын.
3.2 Академиялық мәселелер бойынша: Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры Т.Б.Искаковқа, ӨМСИ кафедра меңгерушілеріне:
- ағылшын және үш тілді білім беру бағдарламаларын әзірлеп, оны жүзеге асыру жұмыстары жүргізілсін (ағылшын тілінде сабақ бере алатын ПОҚ құрамы күшейтілсін т.б.);
- институт базасында мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларына арналған біліктілікті арттыру бағдарламалары жүзеге асырылсын;
- институт профессор-оқытушы құрамының авторлық бұқаралық ашық онлайн курстарын (МООК) дайындау жүзеге асырылсын;
- Coursera платформасында онлайн біліктілікті арттырудан өз бетінше өтетін ПОҚ, сондай-ақ магистранттар мен докторанттар санын ұлғайту мақсатында жұмыстар жүргізілсін;
- үздік шетелдік ЖОО орындарымен ынтымақтастықты арттыру жұмыстары, соның негізінде екі дипломды ББ әзірленсін;
- коммерцияландыруға бағытталған жаңа үйірмелердің ашылуына қатысты жұмыстар жүзеге асырылсын.

3.3. Кәсіби бағдар беру бойынша: Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры Т.Б.Искаковқа, Өнер, мәдениет және спорт институтының кафедра меңгерушілеріне:

насихат жұмыстары күшейтілсін.

3.4. Әлеуметтік-тәрбиелік даму бойынша: Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры Т.Б.Искаковқа, Өнер, мәдениет және спорт институтының кафедра меңгерушілеріне:

- Өнер, мәдениет және спорт институтының студенттерін кәсіби репетиторлыққа, балаларды олимпиадаларға дайындауға, жалпы мектептік тәрбие іс-шараларын ұйымдастыруға, қиын жасөспірімдермен жұмыс істеуге, балалар демалыс лагерлері үшін тәлімгерлерді даярлауға, Speaking Club-та қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қарым-қатынас дағдыларын дамытуға тарту жұмыстары жалғастырылсын;

3.5. Білім беру ортасын жетілдіру бойынша: Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры Т.Б.Искаковқа, кафедра меңгерушілеріне:

- институт студенттері үшін дәрісханалар, компьютерлік сыныптардың аумағын кеңейту мен жетілдіру бойынша мүмкіндіктері қарастырылсын.

3.6. Стратегия және цифрландыру бойынша: Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры Т.Б.Искаковқа, Өнер, мәдениет және спорт институтының кафедра меңгерушілеріне:

- университеттің стратегиялық жоспарында көрсетілгендей QS халықаралық рейтингісі бойынша үздік шетелдік ЖОО орындарымен ынтымақтастықты арттыру жұмыстары одан әрі күшейтілсін;

- Өнер, мәдениет және спорт институты әлемнің кез келген елінде табысты жұмыс істеуге қабілетті білікті, білімді, ұтқыр мамандарды даярлайтын білім ордасы болып табылатындықтан, Abai University КеАҚ-ның 2022-2025 жылдарға арналған "Abai University-педагогикалық зерттеу университеті "Даму стратегиясы бағытының міндеттерін орындау бойынша жұмыстар күшейтілсін.

4. Әртүрлі.

5. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор ***Г.С.Джарасоваға*** жүктелсін.

**Ғылыми кеңес төрағасы** **Д.Билялов**

**Бас ғалым хатшы** **Ж. Битибаева**